

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Алаяқтар тағы белсене бастады!

**БЖЗК өз салымшылары мен алушыларына алаяқтардың әлеуметтік желілерде жалған ақпарат жіберу жағдайларының жиілеп кеткені туралы хабарлайды.**

Алаяқтар әлеуметтік желілер және WhatsApp арқылы жіберілетін хабарламалар арқылы ағымдағы жылдың маусым – қыркүйек айлары аралығында зейнетақы жинақтарының бір бөлігін төменгі жеткіліктілік шегіне (бұдан әрі – ТЖШ) қарамастан шешіп алуға болатыны туралы жазуда.

Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын **тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында** пайдалану көзделген. Ол үшін:

- зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асуы керек. Бұл жағдайда ТЖШ асатын соманы пайдалана аласыз;

- зейнетақы алып жүрген зейнеткерлердің зейнетақы мөлшері алушының орташа айлық табысын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленген 40 пайыздан төмен емес деңгейдегі алмастыру коэффициентімен қамтамасыз ете алуы қажет. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан алғашқы электрондық хабарламаны алған күні салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауға тиіс;

- сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалған болуы керек. Бұл жағдайда жеке зейнетақы шотында қалған қаражатты пайдалануға болады.

Зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін (бұл ретте ТЖШ есепке алынбайды) Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында көзделген жағдайларда ғана алуға болады. Атап айтсақ:

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде (ресімдеу рәсімі мен алуға мүмкіндік беретін шарттар [мұнда](#));

- мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 және 2 топ мүгедектігіне байланысты (толық ақпарат [осында](#));

- [сақтандыру компаниясымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты](#) шеңберінде алуға мүмкіндік берілген.

БЖЗК белсенді түрде таратылып жүрген "жалған" хабарламаларды елемеуге, ақпаратты тек ресми көздерден алуға кеңес береді.

Естеріңізге сала кетейік, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты кеңестерді [БЖЗК бөлімшелерінде](#) де, қашықтықтан да алуға болады:

[enpf.kz](http://enpf.kz) сайты, БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,

көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы

БЖЗК-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, Twitter және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*